

“ЫРЫМ-ТИЫМ ӘДЕПТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ”

Анықтама

"Даналық мектебі" жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарларының ұйымдастыруымен “ЫРЫМ-ТИЫМ ӘДЕПТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ” тақырыбында әжелерімізбен қысқы демалыс уақытында іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: Халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тиымдардың мәнін ашып, әжелердің беретін білімі арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау. Ырымдар мен оның маңызы туралы түсіндіру.

Шара барысында әжелеріміз немерелеріне ырым тиымдар айтумен қатар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында оқушыларға әдептілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Әжелер көптеген ырым-тыйымдары туралы айтып, салт-дәстүрді түсіндіріп, олардың тарихы мен қолданылуын әңгімеледі.

Ұлттық бірегейлікті сақтауда қанымызға сіңген әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің мәйегін тереңінен түсініп, жеткізуші ол әжелер қауымы.

Баланың бойына аталған құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу, оны қалыптастыруда әженің берер тәрбиесіне тең келетін дүние жоқ шығар.

Өйткені, бала да, немере - шөбере де алдымен ата-анасының, сосын атасы мен әжесінің қас-қабағына қарап өседі. Солардың берген тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, ержетеді. Әженің мейірімділігімен сусындап өскен, әжесінің өнегелі әңгімесін тыңдап өскен баланың сана сезімі басқалардан ерекше болып қалыптасады.

